

“Қарлығаш” бөбекжай-бақшасы”

Тақырыбы: «Берекелі алтын күз»

Тәрбиешілер: Утеева А

Тургумбаева А

Ақбастау ауылы-2025 жыл

«Берекелі алтын күз» Көрме ұйымдастыру

Максаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл – күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс — әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру. Шығармашылық ой — қиялдарының дамуына ықпал ету. Ата — аналар қауымымен тығыз қарым — қатынас қалыптастыру.

Жүргізуші: Армысыздар, халайық,

Бармысыздар, халайық!

Күзгі тойды жұп жазбай,

Бірге қарсы алайық!

Сәлеметсіздерме, құрметті ата — аналар, қонақтар! Бүгінгі біздің жыл мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күз!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Ортаға ортаңғы «Жұлдыздар» тобының бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар! (Әдемі сазды әуен ойналып тұрады. Жапырақтар биін билеп балалар келеді. Би аяқталған соң өз орындықтарына жайғасады.)

Ән: «Алтын күз»

Ортаға жемістер мен көкіністер шығып өздері туралы такпақтар айтып береді:

Айша: Дөп дөңгелек сап-сары,

Ішінде бар дәні.

Қызығасын көріп,

Менің атым өрік.

Айсұлтан: Пісіп тұрған алмамын,

Тамсандырар бал дәмім.

Жерге сілкіп түсірме,

Ісіп кетер маңдайым.

Сәкен: Асханадан шықпаймын,

Атым пияз, бұқпаймын.

Көзден жасты шығарам,

Тұмаудан бірақ, сақтаймын.

Мансұр:Картоп біздің атымыз,

Жер астында жатырмыз.

Бір тамырдан тараған,

Ағайынбыз бәріміз.

Сафия:Тал шыбығым бұралып,

Бақшаларда қызарып.

Тұрған ол мен қызанақ.

Күнге қарап ұялып

Би: «Көкөністер»

Жүргізуші: Балалардың дайындаған тақпақтарын тыңдаңыз:

Тақпақтар: Келді міне күз

Айнала сары түс

Керемет тамаша .

Қандай әсем күз.

Айым: Берекесін сыйлауға .

Өлкемізге күз келді.

Жемістерін жинауға.

Шақырады біздерді.

Ойын: «Көкөністер мен жемістерді» ажырат».

Ойынның шарты: Бізге екі бала қажет, олардың көздерін орамалмен байлап, мына тұрған ыдыстағы жеміс пен көкөністі қолдарымен ұстап, дәмін татып анықтаулары қажет.

Күз ханшайымы: Жарайсындар балалар, өте екенсіңдер.

Жүргізуші: Балалар, күздің алып келген көкөніс, жемісі дәмді ме екен?

Балалар: Иә, өте дәмді.

Жүргізуші: Балабақша бағында,

Сайрандаймыз жанында.

Нақ өзіндей бүлдіршін,

Көп достардың жанында, - деп, біздің кішкентай биші
қыздарымызды «Жапырақтар» биін қарсы алыңыздар.
Би: «Жапырақтар».

Жүргізуші: Жарайсындар, балалар! Күз ханшайымы біздің балалардың өнерлері әлі
біткен жоқ. Балаларымыз тағы да такпак айтып береді:

Кішкентай қыздарымыздың «Қолшатыр» биі

Алишах: Сарғайды тоғай,

Сап-сары маңай.

Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып.

Балалар: Күз ханшайымымен қоштасалы. **Жүргізуші:** Осымен «Жұлдыздар»
тобының «Алтын күз» атты ертеңгіліміз аяқталды. Күзге айтарымыз, берер сыйы жылдан
жылға көп болсын. Елімізде тыныштық, береке болсын! Сау болыңыздар балабалар!

